

«Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті жас ғалымдардың ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізуге арналған Басқарма төрағасы – Ректор гранты-2021» конкурсының нәтижесі бойынша 4 жас ғалым жеңімпаз атанды. Конкурсқа университет бойынша 14 жас ғалым қатысқан болатын.

Конкурс талабына сәйкес, 40 жасқа дейінгі ғалымдар мен 1,2 курс докторанттары, магистраттардың зерттеу жұмыстарын ұсынды.

Грант сомасының жалпы құны 10 000 000 теңге.

Жобаның 4 жеңімпаздарына құны 2 500 000 теңге болатын сертификат табысталды. Жеңімпаздардың жобаларына тоқтала кетсек

I. Ауыл шаруашылығы ғылымдарының магистрі, «Физика-химиялық талдаудың әдістері» инженерлік бейіндегі зертханасының ғылыми қызметкері - **Р. У. Жаппарберген** «Разработка инновационного биоудобрения TerraPretaNova из отходов растениеводства и животноводства для органического земледелия» тақырыбында жұмысын қорғады. Жобаның мақсаты - өсімдік шаруашылығы мен мал шаруашылығы қалдықтарын биотыңайтқышқа айналдырудың жоғары бәсекелі технологиясын әзірлеу, пиролиздің оңтайлы параметрлерін табу, алынған өнімді топырақ құнарлылығын жақсарту үшін қолдану және топырақтағы биотыңайтқыштың әртүрлі арақатынастарының көкөніс дақылдарының өсуі мен шығымдылығына әсерін зерттеу. Жаңалығы жоба топырақ сапасын жақсарту мәселелерін шеше алады, ылғалдылықты сақтау, топырақтағы Ұшпа қосылыстардың мөлшері, қарашірік құрамын арттыруға мүмкіндік береді, құнарлылықты арттыратын пайдалы микроорганизмдерді дамытады

II. Т.Д.Қуанышбаев атындағы химия-биологиялық зерттеулер ғылыми-білім беру орталығының ғылыми қызметкері, «Биология, география және химия» кафедрасының оқытушысы - **Б.И. Исламбекұлы** «Күріш кебегінен жантақ өсімдігімен механохимиялық активтеу арқылы кремнийлі жемдік және өсімдік өсуін реттегіш қоспаларын алу» тақырыбында зерттеу жұмысын қорғады. Жобаның мақсаты- Күріш кебегін жергілікті жерде өсетін дәрілік, әрі жемдік жантақ өсімдігімен механохимиялық активтеу арқылы кремнийлі жемдік қоспа және өсімдік өсуін реттегіш қоспасын алуды лабораториялық зерттеу. Ұсынылып отырған технология – «жасыл» технология, қоршаған орта мен адамға еш зиянсыз, күріш өсіретін облыс ретінде бұл технологиямен күріш қалдықтарын пайдалы өнімдерге айналдыру мүмкіншілігін зерттеу жұмысының жаңалығын білдіреді

III. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің «Ақпараттық жүйелер» мамандығының 1 курс магистранты **А.Қ.Қайырбекқызы** «Li-Fi сымсыз байланыс технологиясын модельдеу» тақырыбында жоба қорғады. Жобадағы жаңалығы – көрінетін, жарық шығаратын диодтарға негізделген сымсыз байланыс желісінің жұмыс принципіне негізделген модель құру. Көрінетін жарық лампасымен ақпарат тарату мүмкіндігін жасау.

ІҮ. «Су шаруашылығы және жерге орналастыру» кафедрасының (PhD) докторанты **Г.Т.Алдамбергенованың** «Су ресурстарын тиімді пайдалану мақсатында Қызылорда қаласының төгінді суларын (ағынды суларды) аналық және өндірістік плантациялар құруда қайта пайдалану» жобасы қорғалды. Жобаның мақсаты - су ресурстарын тиімді пайдалану мен Қызылорда қаласының экологиялық ахуалын жақсарту мақсатында, төгінді суларды (ағынды суларды) ағаш өсіруде қайта пайдалану арқылы Қызылорда қаласынның айналасында «жасыл белдеулерді» жасау, орман жамылғысын көбейту арқылы тұрғындарға қолайлы жағдай жасауды көздейді.